

# Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saiazi gazetі

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 2 naýрыз 2023 jyl №09 (11 051)

## Мерекелеріңізбен, қылыбатты аналар, аяулы арулар!

### ҚЫМБАТТЫ АНАЛАР, АЯУЛЫ АРУЛАР!

Сіздерді 2023 жылдың көктемінің алғашқы мерекесі - **8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен** шын жүректен құттықтаймын!

Барлық кезде де әйелдер қоғамда ерекше, жасампаз рөлге ие болды. Қазіргі уақытта да аналар үлкен құрмет пен сыйға бөленген. Елімізде көп балалы аналарға арнайы мемлекеттік награда - "Алтын алқа" және "Күміс алқа" тағайындалған. Бұл аналардың ұлы ерлігіне көрсетілген құрмет.

Еліміздің тарихында әйелдер әрдайым патриотизм мен еңбексүйгіштіктің, кеңпейілділік пен мейірімділіктің үлгісін көрсетіп келеді. Бүгін бүкіл әлем және біздің қоғам дағдарыстың ауыртпалығын бастан өткізген кезде, отбасымыздағы және біздің жалпы қоғамымыздағы ахуал көп жағдайларда Сіздерге байланысты, құрметті әйел-аналар. Қазіргі қиындықтардан жеңіл өтіп, ертеңгі жарқын, тамаша болашақты жақындату үшін, Сіздердің өмірлік ақыл-парасаттарыңыз бен шыдамдылықтарыңыз, махаббаттарыңыз, сенімдеріңіз бен ба-тылықтарыңыз қажет.

8 Наурыз мерекесінде Сіздерге, қымбатты аналар, апа-қарындастар, зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, көңілдеріңізге сұлулық, мол бақыт және баянды махаббат тілеймін!

Көктем мерекесі құтты болсын!

Құрметпен,

Шет ауданының әкімі

М.МҰХТАРОВ.



### ҚАДІРЛІ АНАЛАР, АЯУЛЫ ҚЫЗ-КЕЛІН- ШЕКТЕР!

Шет аудандық ардагерлер кеңесі Сіздерді 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтайды!

Бұл күн ізгіліктің, махаббаттың, көктемгі жанарудың салтанат құрған шағы. Сіздер әрдайым сұлулық пен адамгершіліктің, игі істер мен жар-қын бастамалардың символы болып қала бересіздер. Сіздердің қайырымдылықтарыңыз бен сүйіспеншіліктеріңіз әрдайым қиындықты жеңіп, қоғамда жоғары адамгершілік құндылықтарды сақтауға ықпал етті.

Бүгінде Сіздердің қоғамдық-саяси және аймақтың әлеуметтік, мәдени дамуына қосқан үлестеріңіз ерекше бола түсуде.

Осынау мереке күні қолға алған істеріңіз сәтті болып, зор денсаулық, бақыт пен байлық, отбасында береке мен бірлік тілейміз.

Шет аудандық ардагерлер кеңесі.

## Салтанатты шара

### АЛҒЫС АЙТУ - АСЫЛ ҚАСИЕТ

1 наурыз - Алғыс айту күніне орай аудандық мәдениет үйінде "Алғыс айту - асыл қасиет" атты салтанатты шара болып өтті.

Жалпы 1 наурыз елімізде жалпыхалықтық мереке - Алғыс айту күні және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні ретінде аталып өтеді. Бұл мерекені атап өтудің мақсаты - өскелең ұрпақты достыққа, бір-біріне деген құрмет пен отансүйгіштікке тәрбиелеу, елімізде этносаралық келісімді сақтау және оны нығайту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: - бұл мерекеде ұлтымыздың салт-санасында берік қалыптасқан достық, қайырымдылық және

ынтымақ сынды мызғымас құндылықтар кеңінен дәріптеледі. Алғыс айту күні қиын-қыстау замандарда да мейірімділік пен жанашырлық таныта білген әрі бірлігін бекем еткен халқымыздың ізгі қасиеттерін жадымызда жаңғыртады, - деп атап өткен болатын. Соның бір айқын дәлелі бүгінде бірлігі жарасқан



біртұтас еліміздің арқасында бейбітшілік пен ынтымақты сақтап отырмыз. Бұл әрине, біз үшін ең басты игілік, баға жетпес құндылық.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары О.Стыбаев барша жиналған қауымды тыныштық пен үндестік, өзара сенім мен барша азаматтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған айтулы мерекемен құттықтап, амандық, береке-бірлік тіледі.

Мұнан соң, марапаттау рәсімі өтіп, ауданның қоғам-



дық жұмыстарына белсене араласқан бір топ азаматтарға аудан әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

Мереке соңы аудандық

мәдени-сауық орталығы өнерпаздарының концертіне ұласты.

Өз тілшімізден.

19  
НАУРЫЗ  
МАРТА  
2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН  
САЙЛАУ

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ  
ЖАСА!